

» Бұқара пікірі

Орнықты ой айтылды

Мемлекет басшысының өткен сенбідегі «Хабар» телеарнасына берген сұхбаты ол кісінің қаралы қаңтар оқиғасынан кейінгі бірінші берген сұхбаты. Шындығында бұл сұхбатты халық күтті және бәрімізді кептен бері мазалап жүрген сұрақтарға нақты жауап берілді. Президент айтқан халық үніне құлақ асатын мемлекет құрамыз десек, онда дәл қазіргі уақытта ашықтық саясаты керек. Ең алдымен кешегі сұхбатта қаралы қаңтарға қалай тап болдық, сол уақыттағы бізге беймәлім



болған жайттар ашық айтылды. Еліміз үшін қиын сәттерде тың шешімдер қабылдау қажеттігі туындағанынан хабардар болдық. Осы орайда күні кеше еткен «Nur Otan» партиясының кезектен тыс съезінде Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан» құру үшін еткенімізді ешуақытта ұмытпауға тиіс екендігімізді баса айтқаны еске түседі. Ал, еткеніміз – еліміздің қауіпсіздігі, еліміздің тәуелсіздігі, мемлекеттің егемендігі. Бұл – қазіргі кезеңде кезіміздің қарашығындай сақтайтын ең үлкен құндылығымыз. Сондықтан бүкіл халық болып осы мәселені дұрыс талқылап, оң шешімін табуымыз қажет және болашағымыз үшін баршамыз жұмыла жұмыс істеуге тиіспіз.

Мемлекет басшысы еліміз парламенттік республика болуы мүмкіндігіне қатысты да пікірін білдірді. Жалпы, Мәжілісте мықты-мықты партиялар болса, олар шынайы халықтың ортасынан табылып, нақты жетістіктерге қол жеткізе алса, онда бұл да басқарудың бір тиімді жүйесі болар еді. Бірақ, бұл бүгін-ертең жүзеге аса қоймайтынын бәріміз де түсінеміз. Ал, болашақта мұның да қажеті бар шығар. Оны да ойластыруға тиіспіз. Демократиясы дамыған Еуропа елдерінде мемлекеттік басқарудың президенттікпен қатар парламенттік жүйесі де тиімділігін көрсетіп отыр. Сондықтан бұған да дайын болуымыз керек. Түптеп келгенде, Президент сұхбатынан кейін Қазақстанның болашағына қатысты орнықты ой қалыптасты. Яғни Мемлекет басшысы еліміздің болашағы білімде, ғылымда, жаңа технологияларда және қазақстандықтардың әл-ауқатының артуында екендігін айтты. Сондықтан ата-бабамыз аңсаған жаңа Қазақстанды құру кезеңінде бұл да дамудың бір үрдісі болары анық.

Дария ҚОЖАМЖАРОВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университетінің ректоры.